

REFERENCES

1. Bekh I.D., *Personally oriented education. scientific methodical manual. Kyiv. Institute of content and teaching methods, 1998, 204 (in Eng).*
2. Kovbasenko L.I., Lykhota I.M., *Conceptual foundations and development of Minor Academy of Sciences of Ukraine. In. O.V. Lisovyi, Kyiv. LLC. Pedagogika 2012, 84 (in Eng).*

ӘОЖ378.4 (574)

Т. СЕРІКҚЫЗЫ, Г.Н. ГУБАЙДУЛЛИНА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНЫНДА ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ
ЭМПАТИЯНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

Болашақ педагог-психолог даярлау жүйесінде эмпатияны қалыптастыру мәселесі ерекше орын алады. Осы мақсатпен мақалада жоғары оқу орындарының оқу процесінде болашақ педагог-психолог мамандарының даярлау кезінде эмпатияның алатын орны және болашақ мамандардың тұлға ретінде қалыптасуындағы рөлі туралы сөз болады.

Түйін сөздер: білім беру, жоғары оқу орны, студент, тұлға, эмпатия.

**МЕСТО ЭМПАТИИ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ ВЫСШЕГО
УЧЕБНОГО ЗАВЕДЕНИЯ**

В системе подготовки будущих педагогов-психологов особое место занимает проблема формирования эмпатии. С этой целью в статье рассматривается место эмпатии в учебном процессе при подготовке будущих педагогов-психологов, ее роль в формировании личности будущих специалистов.

Ключевые слова: образование, высшее учебное заведение, студент, личность, эмпатия.

**THE PLACE OF EMPATHY IN EDUCATIONAL PROCESS IN THE HIGHER
EDUCATIONAL INSTITUTION**

In system of training of future educational psychologists a specific place is held by a problem of formation of empathy. In article the place of empathy in educational process when training future educational psychologists is considered.

Keywords: education, higher educational institution, student, personality, empathy, empathy.

Болашақ педагог-психолог мамандардың тұлғалық дамуы және болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру мәселесі қазіргі жоғары оқу орындарының жұмысын кемелдендірудің теориясы мен практикасында өте маңызды болып табылады. Мұның себебі, жоғары оқу орнында оқу мерзімімен

сәйкес келетін, кәсіпті алғаш меңгеру кезеңі барысында жас адамның өмірде өзін-өзі анықтау процесі жүзеге асады, оның өмірге деген көзқарасы қалыптасады, іс-әрекет, мінез-құлық пен қарым-қатынастың дараланған әдістері мен тәсілдері меңгеріледі. Сонымен қатар басты мәселелердің бірі – студенттердің тұлғалық дамуымен қатар, оның маман ретінде кәсіби қалыптасуының ерекшеліктері мен заңдылықтары өз деңгейінде ескерілген оқыту процесінің жүйесін құру болып табылады.

Психологиялық ғылымдарда пайдаланып жүрген көптеген феномендер философия ілімдерінің әртүрлі салаларынан алынған. Солардың бірі – «эмпатия» ұғымы. Оның оқу тарихы ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында философия, этика, эстетика пәндерінен жарық көрген. Бұл түсініктің өзі симпатия деген этикалық түсінік пен неміс философиясы мен эстетикасында пайда болған сезімдеріне ену түсінігінен бастау алады. «Эмпатия» түсінігі ежелгі грек философиясының өзінде болған және адамдарда жанашырлық туғызатын рухани объективті жалпылық ретінде түсіндірілген. Неміс философтарының этикалық жүйелерінде эмпатия адам жанының қасиеті ретінде түсіндіріледі және қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынастың, альтруизм мен әділеттіліктің реттеушісі ретінде қарастырылады.

Психологиялық ғылымға «эмпатия» терминін алғаш психолог Эдвард Титченер енгізген. Э. Титченер бойынша, эмпатия дегеніміз – эмоционалды жайкүйге жету, жанаршылық, адамның эсерленуіне ортақтасу [1, 18 б.].

Кеңестік психологтер эмпатия түсінігінің мазмұнын оны қабілет, процесс немесе күй ретінде анықтап, оны түрлі психикалық процестер мен жеке адамның психологиялық күйлерімен байланыстыра отырып қарастырған.

Бірқатар ғалымдар когнитивті эмпатияның анықтамасын, ақпараттың тек қана бейсаналы өңдеудің өнімі ретінде саналануымен сипатталатын, өзара әрекет субъектісінің тұлғалық күйлерін бейнелеудің бейсаналы процесі деп атап көрсетеді. Эмоционалды және когнитивті эмпатиядан бөлек, ғалымдар жеке адамға немесе топқа белсенді көмек көрсетумен сипатталатын әрекеттік, мінез-құлықтық түрін бөліп көрсетеді. Әрекеттік эмпатия жанашырлық эмоцияларына негізделген альтруистік табиғаты бар актілерге ие болады. Әрекеттік эмпатия әрекеттесуші жақтардың барынша түрде өзін ашуы мен өзін көрсетуіне жағдай туындатады.

Сонымен, эмпатия ұзақ тарихы бар ұғым және психотерапиямен айналысатын ғалымдарға өте қажет болып табылады. Бірқатар ғалымдардың пікірлері бойынша, дамыған эмпатия қарым-қатынас бойынша, серіктестің әлеміне енуді талап ететін, іс-әрекет түрлерінде жетістікке жетудің маңызды факторлардың бірі болып табылады. Ондай іс-әрекетті жүзеге асыратын салаларға психология, педагогика, өнер, медицина мен журналистика жатады.

Эмпатия феноменін көп қырлы бағыттарды көрсететінін анықтауға болады. Біріншіден, эмпатия – қабылдайтын адамның ішкі дүниесі модельдеуге бағытталған психикалық процесс. Осындай ұсыныста эмпатияға оның динамикалық, процессуалды және фазалық сипатын анықтауға болады. Батыс психологтері Г. Барретт-Леннард, В. Айкес және тағы басқалар, эмпатияны психикалық процесс ретінде анықтайтын үш ретті фазаға бөліп берді:

1 Тыңдаушының қабылдауы мен резонансы, эмпатиялық ұғыну кезеңі, бұл уақытта субъект басқа адамның ойы мен сезіміне нақты қортындыға келеді.

2 Бұл көңіл күйге түсуі экспрессивті хабарлау, бұл уақытта субъект басқа адамға жанаршылық жайында қорытындыға келеді.

3 Эмпатиялық коммуникация кезеңі, бұл уақытта эмпатиялық түсініктер тексеріледі және бірін-бірі түсіну диалог жүзінде дамиды.

Орыс психологтері А.П. Сопиков [2], Т.П. Гаврилова [3] эмпатиялық процесті екі фазаға бөлді:

1 Көп түрлі ашық ауыспалы эмпатия объектісін қабылдау, оның сезімінің сапасы, белгісі және мазмұны жайында хабар алу.

2 Ішкі дүниесінде эмпатия объектісінің іс-әрекетінің ашық немесе жасырын жоспарын құру және оны өзінің меншікті құндылықтары және қажілеттілігімен салыстыру.

Екіншіден, эмпатия ұмтылысқа психикалық, эмпатиялық реакция ретінде қарастырылады.

Эмпатиялық реакцияның бірнеше түрі бар, оларды екі үлкен топқа бөлуге болады.

– топтың мінезіне жауап беретін эмпатиялық реакция;

– нақты бір тұлғаға бағытталған эмпатиялық реакция.

Үшіншіден, эмпатия, тұлғаның қасиеті немесе мүмкіншілігі ретінде анықталады, оның күрделі аффективті-когнитивті мінез құлықтық табиғаты бар. Бұл мүмкіндік басқа адамның күйзелісіне эмоционалды жауап беру арқылы ашылады [4].

Кейбір зерттеушілердің айтуы бойынша эмпатия – бұл басқа адамға берілетін эмоционалды тәжірибенің сигналына әсер ететін эмоционалды мүмкіндік.

Ал басқа зерттеушілер (Т.П. Гаврилова, Ю.Б. Типпенрейтер, И.М. Роджерс) эмпатияны мінез-құлыққа байланысты мүмкіндік дейді, ол басқа адамның жан дүниесінің күйзелісіне көмектесу, әсер, ықпал ету және альтуристикалық қасиеттер бойынша айқындалады.

Тұтасымен алғанда эмпатия – тұлғаның әлеуметтік психологиялық қасиеті, индивидтің әлеуметтік психологиялық мүмкіндіктерінің бір тұтастығы, бұл қасиет эмпатияның объектісіне де субъектісіне де ашылады.

Бұндай мүмкіндіктерге мынаны жатқызуға болады: басқа адамның

күйзелісіне эмоционалды әсер ету мүмкіндігі, басқа адамның эмоционалды жай-күйін тану мүмкіндігі, басқа адамның сезімі мен іс-әрекетін ойша елестету, басқа адамның күйзелісіне жеңілдететін әдістер қолдану мүмкіндігі.

Сол себепті эмпатия – бұл күрделі, көп қырлы феномен, оның құрылымы адамның эмоционалды, когнитивті мінез-құлығының біліктік дағдыларының мүмкіндігінің біртұтастығы.

Эмпатияның түрлері мен формаларын анықтайтын әртүрлі критерийлері бар. Мысалы:

- эмпатия генезисі (бұл критерияның негізіне қарап былайша бөлуге болады: орасан зор, эгоцентриалық, әлеуметтік эмпатия);
- эмпатияның диспозициялығы (тұлғалық және жағдайлық эмпатия);
- эмпатияның даму деңгейі (элементарлы-рефлекторлы және эмпатияның тұлғалық формасы).

Эмпатияның мұндай формасын анықтайтын критерийлер, эмпатиялық күйзелістерге бағытталған тәрізді тұлғаның жалпы бағытымен құндылық бағыттарымен байланысты келеді. Осы критерий бойынша, эмпатия бірге күйзелу және жанашырлық болып бөлінеді.

Екеуінің арасындағы, айырмашылық көрсетілетін эмоционалды жай-күйдің рефлексия дәрежесіне және эмпатия объектісінің идентификация дәрежесі бойынша жіктеледі. Бірге күйзелу эмпатия объектісі мен субъектісінің үлкен идентификациясымен сипатталса, ол жанаршылықпен салыстырғанда рефлексияға аз түседі.

Қазіргі кездегі психологияда мынандай фактімен ешкім таласпайды, эмпатия өзіңе де басқа адамға да бағытталған. Эмпатияның өзіңе бағытталған формасын бірге күйзелу, дискомфорттық сезім немесе тұлғалық дистресс дейді. Ол серігінің қабылдайтын жай-күйі шегіне жеткенде және эмпатия субъектісінің тұлғааралық сұранысының фрустрациянан пайда болған жағдайда туындайды. Осы кезде индивид эмпатия объектісі тәрізді күйзеліске түседі, бірақ ол өзіне бағытталады. Ол оның мазмұны бойынша анықталады: индивид болашақта қандай оқиғаға тап болатынына немесе өтіп кеткен уақиғаға күйзеледі. Өзіне бағытталған күйзеліс тұлғалық дистресті төмендеуіне әкеледі және индивидтің психологиялық қолайлығын қалпына келтіріп, қорғаныш функциясын атқарады [5].

Эмпатияның басқа біреуге бағытталған формасын қайғысына ортақтасу, жан ашу немесе эмпатиялық қамқорлық деп белгіленеді. Жан ашығанда индивидтің басқа адамның қолайсыз жағдайына күйзелу арқылы білінеді. Ол серігінің жағдайын түсініп, оған сезімдерін белсендіріп және одан көмек сұраған жағдайда пайда болады.

Аталып өткен эмпатияның түрлері басқа біреуге және оның сұранысына

эртүрлі мінез-құлық туындатады. Тұлғалық дискомфортта немесе дистресте адам өзінің кері жағдайының алдын алуға күш салады, жанын жаралайтын жайттардан алыс болуға тырысады, «өзіне-өзі» тұра алатын стратегия құрады. Жан ашу немесе эмпатиялық қамқорлық, басқаша жағынан басқа біреуге альтуристік әрекет немесе оның қиыншылыққа түсірген жайларын түзетуге ұмтылу «біреу үшін» стратегиясын құрайды.

Эгоцентриалық мотивациясы, құндылық бағытымен сипаталатын индивид, егер өзінің қолайлы жағдайының көзі біреу арқылы болса, басқа біреудің қолайсыздығын көргенде тұлғалық дистрестті сезінеді.

Оқу процесіндегі қарым-қатынастағы эмпатияның алатын орны ерекше. Кеңестік ғалымдар А.А. Бодалев, Л.А. Петровская, Л.П. Буева, М.Г. Андреева, Б.Д. Парыгин, А.В. Петровская тұлғааралық қарым-қатынас кезіндегі эмпатияның алатын орнын ерекше атап көрсетті.

«Студент» термині латын сөзінен аударғанда белсенді ізденуші, білім ізденуші деген мағынаны білдіреді. Жалпы осы кезеңдегі дамуды үш түрлі бағытта сипаттауға болады:

– психологиялық сипатта – психикалық процестер, күйлер жиынтығы (бағыттылығы, темпераменті, мінезі, қабілеті);

– әлеуметтік сипатта – қоғамдық қатынастар, сапалар, белгілі бір әлеуметтік топқа қарау, ұлты және т.б.;

– биологиялық сипатта – жоғарғы жүйке жүйесінің типі, анализатор құрылымы, инстинктер, дене бітімі және т.б., басқаша айтқанда тұқым қуалау факторларына негізделген [6].

Жоғары оқу орнына түсудің өзі студенттің өзінің күші мен қабілетіне деген сенімін арттыра түседі. Екінші және үшінші курста жоғары оқу орнын, мамандықты таңдау дұрыстығы туралы сұрақ пайда болады. Үшінші курстың соңында кәсіби анықталу мәселесі толығымен шешіледі. Студенттердің оқу процесіне бейімделуі екінші курстың соңы – үшінші курстың басында аяқталады. Студенттердің бейімделуін қиындататын себептердің маңыздысы ретінде студенттердің басым көпшілігі ой тапсырмасын орындауға уақыттың жетіспеуін атаған.

Бірінші курс студенттерінің негізгі қиындығы: лекцияны жазу, оқулықпен жұмыс істеу, кең көлемді ақпаратты талдау және өз ойын жеткізу дағдысының болмауы. Бірінші курс студенттері мектептегі мұғалімнің олардың оқу әрекеттерін бақылап, қадағалау ерекшелігіне үйренгендіктен жоғары оқу орнының жағдайында өздерін ыңғайсыз, сенімсіз сезінеді.

Әр курстағы студенттердің дамуында өзіндік ерекшеліктер бар.

Бірінші курста бұрынғы мектеп оқушысы, талапкер студенттік өмірге бейімделеді. Студенттердің мінез-құлқында конформизм деңгейі жоғары болады.

Екінші курс – студенттердің белсенді оқу кезеңі. Оқыту мен тәрбиелеудің барлық формалары интенсивті түрде жүреді. Студенттердің бейімделу процесі аяқталады.

Үшінші курс – арнайы пәндер пайда болады және ғылыми жұмысқа деген қызығу күшейе түседі.

Төртінші курс – өз мамандығы бойынша оқу практикасынан өтіп, мамандықпен жақынырақ танысады. Оқу процесінде практикалық сипаттағы пәндер басым болады. Болашаққа байланысты практикалық мақсаттары айқындалып, жұмыс орнын анықтаумен сипатталады.

Студенттердің оқу іс-әрекетінің мотивтерінен оқу үлгерімі, белсенділігі тәуелді болады. Оқу іс-әрекетінің мотивтерінің негізгі үш түрін бөлуге болады: білім алуға бағытталған мотив, мамандық алуға деген бағыттылық, диплом алуға деген бағыттылық.

Оқу үлгерімінің жоғары болуына тұлғаның психикалық қасиеттері тікелей әсер етеді. Білім алуға деген бағыттылық мотиві мен студенттің академиялық үлгерімі арасында тікелей коррекциялық байланыс бар. Ал мамандық алуға деген бағыттылық пен диплом алуға деген бағыттылық академиялық үлгерім нәтижелеріне тікелей әсер етпейді.

Студенттермен жұмыс барысында педагог мотивациясының құрылымын, сонымен қатар олардың энергетикалық, ақыл-ой және т.б. өмірлік жағдайларды ескеру керек.

Студенттің іс-әрекеті мен дамуында маңызды рөлді дүние танымы алады. Ал сенімдер, көзқарастар, эмпатия жүйесі әртүрлі жағдайларды түсінуде, бағалауда, оның жүріс-тұрысында көрініс береді. Студенттердің мінез-құлқының, іс-әрекетінің әртүрлі болуы олардың темпераменттілігінің әртүрлігінде.

Темперамент тек адамның сезімінде, зейіннің ауысу жылдамдығында емес, сонымен қатар басқа да психикалық процестерде, мінез қырларында, студенттердің сабақ үстіндегі мінез-құлқында, күрделі ситуациялардағы реакцияларында, жауап беруінде т.б. көрініс береді.

Студенттік шақ адам өміріндегі негізгі әлеуметтік маңызы бар қасиеттердің дамуы үшін сенситивті кезең. Жоғары білім адамның психикасына, оның тұлғасының дамуына үлкен ықпал жасайды. Жоғары оқу орнында оқу кезеңінде студенттердің психикасының барлық деңгейі дамиды. Жоғары оқу орнында жақсы оқу үшін жалпы интеллектуалды даму деңгейі жоғары болу керек, атап айтсақ, қабылдау, ес, ойлау, зейін, танымдық, қызығулар кеңдігі т.б.

Студенттің психологиялық ерекшелігін білу қабілетін, жалпы интеллектуалды дамуын, қызығуын, эмпатиясын, мотивін, мінез қырын, темпераментін, жұмыс қабілеттілігін, сана сезімін және т.б. қазіргі оқу орнында нәтижелі топтық білім алу процесін қамтамасыз етеді.

Студенттік шақ жас ерекшелік психологиясы бойынша жастық шақтық кезең, яғни адамның өз болашағына айрықша үңіліп қарайтын кезең, өзімен-өзі ақылдасып, «жан дүниесіне үңілуге құштар» шағы деуге болады. Адам өзінің сыртқы табиғатын біліп, оның күшін өз игілігіне пайдалану үстінде өз жан дүниесінің жұмбақты сырларын білгісі келеді. Өзінің ішкі жан дүниесін, алуан түрлі сырларын адам өзі жақсы білсе, ол сыртқы дүниенің тәнге күнбе-күн жасайтын ықпалын түсініп, адамзат қоғамына пайдалы істер жасауға тырысады. Адамдардың өмір сүру құштарлығы, олардың мақсаттары адамның өзін-өзі тани білуімен сабақтас.

Жастық шақ кезеңдегі студенттердің психикалық дамуының қозғаушы күші қоршаған ортасы және ондағы қайшылықтар болып табылады. Бұл қайшылықтар өскелең жастардың адамгершілік қасиеттерін, ақыл-ой, эмпатиялық қасиеттерін, және шығармашылық күштерін үйлесімді дамыту жолымен шешіледі.

Жастық шақтағы адам өзіндік санасын дамыту арқылы моральдік-психикалық қасиеттерін бағалап, толық түсінуіне бірыңғай талаптар әсер етеді. Оқушы өзінің жеке өміріне, қабілетіне назар аударады, қойылатын талаптарға мінез-құлығына сәйкес немесе сәйкес еместігін сезеді. Әртүрлі іс-әрекеттерінің барысында балалардың кейбір ерекшеліктері еске алынады. Олар: өзін-өзі тәрбиелеу, келешек мамандықты таңдау, жолдастық сезім, достық қарым-қатынас, алғашқы махаббат сезімі, қорыта айтқанда эмпатия сезімдері.

Өмірдегі еңбектің, білім алудың, тіпті өмір сүру формасының адамгершілік-рухани қалыптасуы ондағы қарым-қатынас бірлігінің беріктігіне, тұрақтылығына байланысты. Адамның өз мінезін-құлығын аңғара алуы оның ар-ұжданына байланысты. Егер адам өз ар-ұжданының деңгейін біліп, оған кір келтірмей жүрсе оның көңілі көтеріңкі болады, өзіне-өзі сенімі арта түседі.

Білім беру саласындағы жаңа идеяларды және тәрбие бағыттарын жүзеге асыру үшін оларды өзін-өзі тәрбиелеу идеяларымен толықтырып, сондай-ақ оқу-тәрбие әдістерін жаңарту, оқушы мен мұғалім қарым-қатынасын өзара ынтымақтастыру арқылы адамгершілік дамудың жоғары деңгейіне жету көзделу қажет деп ойлаймыз.

Осы кезеңге дейін студент жастарына оқуға, сабаққа, тәртіпке, жолдастарына, үлкен адамдарға, ата-анасына деген сияқты қатынастарға жиі көңіл бөлініп келді. Алдағы уақытта, біз білім беру қызметкерлері студенттің жеке өміріне көбірек көңіл аударып, оларға көмектесу, дұрыс педагогикалық көңіл, әсіресе оның өзіне-өзі көңіл аударуын қадағалауымыз қажет. Атап айтқанда: өзін-өзі дұрыс бағалай білуін, өзін-өзі құрметтеуі және сыйлауы, өзін-өзі реттеуі және т.б.

Жастық шақтағы студенттердің өзін-өзі бағаламауы немесе құрметтемеуі өзінің тұлғалық қасиеттерін немесе құндылықтарын кемітуге әкеп соғады.

Мәселен, өзінің бағыт-бағдарын анықтай алмай, өзін құрметтемей, абыройын ойламайтын дәрежеде ол нашарлыққа, ішімдікке, жезөкшелікке салынуына, қылмысқа қол ұруына себепкер болады. Мұндай жағдайына түсуіне себеп, оның бойында сенімсіздік пайда болып, қоғамнан немесе достарынан кек алуға өштеседі. Кейде оларға ешқандай жазалау, қорқыныш, дәлел әсер етпейді, себебі ол өзінің болашағына сенбей, пессимистік, эгоистік тұрғыда қарап, өзін-өзі, басқаны құрметтеуден қалады.

Сондықтан да студенттің өзін-өзі, қоршаған ортасын құрметтей білуге үйрететін бірден-бір жол, осы білім беру саласындағы «өзін-өзі тану» бағдарламасы деп ойлаймыз. Басқаларды құрметтей білуге үйретуді сөзбен немесе үндеу арқылы емес, тек адамгершілік-рухани сезімдерін дамыту арқылы және олардың тұлғалық абыройын біз, үлкендер, құрмет ете отырып қалыптастыра аламыз.

Студент жастарының адамгершілік-рухани қасиеттер арқылы эмпатия сезімдерін қалыптастыру олардың өзін-өзі тәрбиелеу арқылы жүзеге асырылады. Тұлғаның өзін-өзі реттеуі кезінде сыртқы ортаға, өз міндеттеріне саналы қатынасы және өз болашағына көз жүгіртіп, талаптанушылығы негізінде пайда болған қажеттілік – бұл өзін-өзі тәрбиелеу факторы.

Адам бойындағы қажеттілік, жауапкершілік, қызығушылық, абырой сияқты рухани сезімдердің дұрыс қалыптасуы тұлғаның өзін-өзі реттеуге толық мүмкіндіктер береді. Педагогикалық-психологиялық процесте оқуға зорлау, тәрбиеге күштеу, бағындыру баланы ынтасыз, жігерсіз, яғни өзін-өзі реттеуден, достарының жан дүниесіне эмпатиялық сезімінің болуынан безіндіреді. Қазіргі жаңа оқыту технологиялары мен әдістемелері көбірек өзін-өзі реттеу жұмысына бағытталуы тиіс.

Ұлы ойшыл Абай адамның өсіп-жетілуіндегі тәрбиенің рөліне ерекше тоқтала келе, өзінің он тоғызыншы қара сөзінде: «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады», – деп ақыл естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетінін ғылыми тұрғыда дәлелдеп берді [7].

Сонымен, жоғары оқу орындарының оқу процесінде болашақ педагог-психолог мамандарын даярлау кезінде эмпатияның алатын орны ерекше, оны есепке алу керек және эмпатия сезімді арнайы тәрбиелеу және дамыту керек.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Шульц Д.П. История современной психологии / Пер. с англ. А.В. Говорунов, В.И. Кузин, Л.Л. Царук / Под ред. А.Д. Наследова / Д.П. Шульц, С.Э. Шульц. – СПб.: Изд-во «Евразия», 2002.

2. Сопиков А.П. Механизм эмпатии / А.П. Сопиков // Вопросы психологии познания людьми друг друга и самопознания. – Краснодар, 1977.

3. Гаврилова Т.П. Эмпатия как специфический способ познания человека человеком / Т.П. Гаврилова // Теоретические и прикладные проблемы психологии познания людьми друг друга. – Краснодар, 1975.
4. Маклаков А.Г. Общая психология: учеб. для студентов вузов / А.Г. Маклаков. – СПб.: 2008. – С. 61.
5. Намазбаева Ж.И. Психология / Ж.И. Намазбаева. – Алматы, 2005.
6. Менджерицкая Ю.А. Эмпатия в межличностном общении: учеб. пособие / Ю.А. Менджерицкая. – М., 2007. – С. 63.
7. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы (екі томдық) / А. Құнанбаев. – Алматы, 2002.

REFERENCES

1. Shul'c D.P., Shul'c S.Je., *Istorija sovremennoj psihologii. Per. s angl. A.V. Govorunov, VI. Kuzin, L.L. Caruk. Pod red. A.D. Nasledova. SPb. Izd.vo Evrazija, 2002 (in Russ).*
2. Sopikov A.P., *Mehanizm jempatii. Voprosy psihologii poznanija ljud'mi drug druga i samopoznanija. Krasnodar, 1977 (in Russ).*
3. Gavrilova T.P., *Jempatija kak specificheskij sposob poznanija cheloveka chelovekom. Teoreticheskie i prikladnye problemy psihologii poznanija ljud'mi drug druga. Krasnodar, 1975 (in Russ).*
4. Maklakov A.G., *Obshhaja psihologija. ucheb. dlja studentov vuzov. SPb. 2008.*
5. Namazbaeva Zh.I. *Psihologija. Almaty, 2005 (in Russ).*
6. Mendzherickaja Ju.A. *Jempatija v mezhlichnostnom obshhenii. Ucheb. posobie. M., 2007 (in Russ).*
7. Qunanbaev A., *Shyqarmalarynyn tolyq zhinaqy. eki tomdyq. Almaty, 2002 (in Kaz).*